

DOI 10.54596/2958-0048-2025-4-218-227

ӨОЖ 821.512.122

ҒТАМА 17.71.91

МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЙТАЛАУЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ

Кулибекова Ж.С.^{1*}, Аяған Д.С.¹

^{1*}*«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Петропавл, Қазақстан*

**Хат-хабар үшін автор: 19zhanka71@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы дыбыс, сөз, грамматикалық қайталаулардың көркемдік қызметі талданады. Аталған көріктеуіш құралдардың шығармадағы мағынасы ашылып, қолданылу себебі түсіндіріледі. Талдау барысында белгілі ғалымдар Ю.Лотман, Қ.Жұмалиев, З.Қабдоловтың ғылыми тұжырымдары мен еңбектері басшылыққа алынған.

Мағжан шығармашылығы әр тұстан карауды қажет ететін санқырлы құбылыс. Оның өлеңдерінің мәнін түсіну үшін сөздердің беретін мағынасын ғана емес, белгілі бір ретпен қайталанатын бірліктердің заңдылығын, қолданылу себебін түсіну маңызды. Мақаланың басты мақсаты – ақын шығармашылығындағы ұйымдастырылған реттіліктер мен қайталаулардың көркемдік мәнін ашу, каламгер қолданысындағы ерекшелігін бағамдау. Зерттеуде ақынның өлеңдері мен поэмаларындағы фигура түрлері талданып, ондағы айтылмақ ой, суреттелмек көрініс, естілмек үн ашып көрсетіледі. Бұл құралдар ақын шығармашылығының жаңашылдығы мен ерекшелігін көрсетеді.

Кілт сөздер: өлең, қайталау, сөз, дыбыс, мағына, көркемдік.

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОВТОРОВ В СТИХАХ МАГЖАНА

Кулибекова Ж.С.^{1*}, Аяған Д.С.¹

^{1*}*НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан*

**Автор для корреспонденции: 19zhanka71@mail.ru*

Аннотация

В статье анализируется художественная функция звуковых, словесных, грамматических повторений в поэзии Магжана Жумабаева. Раскрывается значение указанных организованных структур в произведениях и объясняется причина их применения. В ходе анализа учтены выводы известных исследователей, как Лотман Ю., Жумалиев К., Кабдолов З.

Творчество Магжана – многогранное явление, которое нужно рассматривать с разных ракурсов. Чтобы понять суть его поэзий, важно понимать не только значение, которое дают слова, но и законность повторяющихся единиц в определенном порядке, причину их использования. Основная цель статьи – раскрыть художественную сущность организованных последовательностей и повторений в творчестве поэта. В исследовании анализируются типы фигур в стихах и поэмах поэта, раскрываются их выразительные мысли, иллюстрированные образы, звучание. Эти средства отражают новизну и специфику творчества поэта.

Ключевые слова: стихотворение, повторение, слово, звук, значение, художественность.

THE ARTISTIC SIGNIFICANCE OF REPETITIONS IN MAGJAN'S POEMS

Kulibekova Zh.S.^{1*}, Ayagan D. S.¹

^{1*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: 19zhanka71@mail.ru*

Abstract

The article analyzes the artistic function of sound, verbal, and grammatical repetitions in the poetry of Magzhan Zhumabayev. It reveals the significance of these organized structures in the work and explains the reason for their use. The analysis takes into account the findings of Yu. Lotman, K. Zhumaliyev, and Z. Kabdolov.

Magzhan's work is a multifaceted phenomenon that needs to be examined from different perspectives. To understand the essence of his poetry, it is important to understand not only the meaning of the words, but also the legitimacy of the repeated units in a certain order and the reason for their use. The main goal of this article is to reveal the artistic essence of organized sequences and repetitions in the poet's work. The article analyzes the types of figures in the poet's poems and ballads, revealing their expressive thoughts, illustrated images, and sound. These tools reflect the novelty and specificity of the poet's work.

Keywords: poem, repetition, word, sound, meaning, and artistic essence.

Кіріспе

Қазақ поэзиясына ерекше бетбұрыс әкеліп, Абайдан кейінгі ақын атанған қаламгер – Мағжан Жұмабаев. Ақынның сыршыл өлеңдері қазақ поэзиясын тақырып, сөз бояуы мен пішін тұрғысынан байытып, еуропалық әдебиетпен терезе тенестірді. Әлем әдебиетіндегі тың жаңалықтар мен заманауи бағыттарды тап басып таныған автор, өлең әлеміндегі осынау жаңалықтарды қазақ әдебиетіне сәтті енгізіп, жаңа дәуірдегі қазақ поэзиясының негізін қалады. Осылайша, Мағжан Жұмабаев сөз өнерінде өзіндік айрықша орнын иеленіп, өзінен кейінгі қаламгерлерге үлгі көрсетті. Автордың әдебиетке енгізген жаңашылдықтары, өзіндік сөз өрнегі мен бейнелілігі туралы зерттеулер осы күні де толастамай келеді. Бүгінге дейін ақынның жеке өмірінен бастап, шығармашылығындағы троп түрлері, ондағы тақырып пен идея, сөз қолданыстары туралы көптеген зерттеулер жазылып, ғылыми тұрғыдан баға берілді. Ендігі кезекте Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің фонетикасын, ырғағы мен дыбыстық, сөздік, грамматикалық қайталауларды қарастыру ақын шығармашылығын танудың бір жолы болмақ.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаламызда белгілі ақын М. Жұмабаев шығармаларындағы қайталаулардың мәні мен түрлері қаламгердің «Шолпы», «Жұмбақ», «Ұлан», «Қазақ азаматы», «Батыр Баян» сияқты поэзиялық туындыларына көркемдік талдау жасау негізінде ашылады. Ақынның фонемалық, сөздік, грамматикалық қайталауларды шебер пайдаланып, өлеңнің көркемдік қуатын асыра түскен шеберлігі бағамдалады. Қазақ өлеңіндегі символистік бағыттың ірі өкілі ретіндегі ерекшелігі сөз болады.

Зерттеудің нәтижелері

Өлеңнің кара сөзден басты айырмашылығы – оның реттелген жүйелілігінде. Әр шумақ қандай да бір реттілікте, бірізділікте құрылады. Ондағы ұйқас, ырғақ, қайталаулардың өз заңдылығы бар. Мұның бәрін ақын есеп шығарып, құрақ құрағандай қолдан жасап, кесіп-пішіп отырмайды. Өлеңнің ішкі табиғатын әр қаламгер өз түйсігімен сезіп-білсе керек. Сол сияқты Мағжан өлеңдерінде де автордың тасқын сынды ақындық қуатынан туындаған көркемдік шешімдер мен фигуралар көптеп кездеседі. Мұнда, әсіресе, қайталаулардың орны ерекше.

Фигураның бір түрі ретіндегі қайталау туралы ғалым Зейнолла Қабдолов былай дейді: «Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу [1; 234]. Зейнолла Қабдолов поэзиядағы сөз қайталаулардың төрт түрін көрсетіп, қазақ өлеңіндегі *анафора*, *эпифора*, *жай қайталау*, *еспе қайталаулардың* аражігін ажыратып берген. Қажым Жұмалиев те қайталаудың нәрсенің өзіне не ісіне назар аударту үшін керек екенін жазады [2; 126]. Сонымен қатар, зерттеуші қазақ өлеңінде дыбыстық қайталаулардың жиі кездесетініне де тоқталып, дыбыстық қайталаулар сөздің басында ғана емес, сөз ішінде де болуы мүмкін екенін айтады.

Мағжан өлеңдерінде қайталаудың бірнеше түрі кездеседі. Соның бірі – *сөз қайталаулары*. Мұның бір мысалы ақынның «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңінен көрінеді:

Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл [3; 4].

«Көл» сөзін өлең жолының соңында қайталау арқылы автор аталған ұғымға қайта-қайта оқырман назарын аударып, әр жол сайын оны жаңа қырынан сипаттап отыр. «Жанында жас балалар ойнаған көл» деген жолдар көлдің сол мандағы жұртшылық үшін Сасықкөлдің қаншалықты маңызды екенін көрсетіп тұр. Ал, шумақтың екінші жолында автор көлдің тек адамға ғана емес, табиғатқа қажетті, адам түгіл аңға да ыстық екенін сипаттаған. Келесі кезекте автор «ғашықтар ойлаған көл» дейді. Демек, Сасықкөл тек адамдардың тұрмысы, табиғаттың тіршілігі ғана емес, сондағы халықтың ішкі сезімі мен ойына да еніп кеткен. Автор өз туған жеріндегі оқиғалардың бәрін Сасықкөлмен байланыстырады. Өлең жолындағы «көл» сөзі қайталана келіп, ақынның туған өлкеге деген ыстық сағынышын бейнелейді.

Бұл ретте өлең жолдарындағы бір сөздің қайталануы оның барлық жолда тек бір ғана мағына беретінін білдірмейді. Мысалы, бірінші жолда көл адаммен, екінші жолда табиғатпен байланысып жатса, төртінші жолда сезімнің символы сынды көрінеді. «Көл» деген сөз біреу болғанмен, үш жерде үш түрлі әсер береді. Мағжан өлеңдеріндегі қайталаулардың ерекшелігі де осында.

Поэзияда сөздің өлең жолында бірнеше рет қайталанғанымен, оның мағынасы бір болмайтыны туралы әдебиеттанушы Ю.Лотман да тұжырымдайды: «Определение это охватит и тавтологическую рифму, поскольку, в отличие от разговорной речи, поэтическая речь не знает абсолютного семантического повтора, так как та же лексическая или та же семантическая единица при повтoreнии оказывается уже в другой структурной позиции и, следовательно, приобретает новый смысл» [4; 153]. Демек, сөздің мағынасы оның көркем мәтіндегі орны арқылы анықталады. Ал, поэзиядағы қайталаулар бір қарағанда механикалық қайталау болып көрінгенмен, сөздің орны ауысып отырғандықтан, оның мағынасы да түрлене түседі.

Мағжанның жоғарыда келтірілген өлеңіндегі «көл» сөзіне тек біржақты қарауға болмайтынының себебі осында. Өлең жолының соңында аталған сөз неше рет қолданылса, сонша мағына береді. Бір мағына екі рет қайталануы мүмкін емес. Өлең реттілігіне сай әр қайталаудың қойылу реті, тәртібі ерекше. Келтірілген мысалда бір сөз «көл, көл, көл» болып ауызекі тілдегідей құр қайталанып отырған жоқ. «Көл – адам, көл – табиғат, көл – сезім» сияқты байланыстарға түсіп, түрленіп, өзіндік сипат алып отыр.

Әлемдік әдебиеттануда өлеңді жазуға тек сөз ғана емес, сөзден тыс элементтер де қатысады деген тұжырым бар. Жыр тармақтарындағы сөздердің белгілі бір реттілікпен тұруы, белгілі бір табиғат құбылыстарын қайталауы, тіпті қағаз бетіне түскен кезде сурет жасауы кең тараған тәсілдердің бірі. Соның ішінде қайталаулардың да орны ерекше. Д.Равкин мен М.Райан құрастырған әдебиет теориясының антологиясында Г.Рапапорт бұл құбылысқа «дыбыстық поэзия» деген анықтама беріп, былайша түсіндіреді: «Мұндай поэзия тілді қарапайым пайдалануды анықтап, оны бұзуға және анық мағынасын түсіне бермейтін дыбыстың нақты мағынасын енгізуге арналған. Дыбыстық поэзияда не туралы айтылғанын сұрағанда оған жауап таба алмасақ та, мағынасын дыбысталуы арқылы түсініп тұрған шет тіліне ұқсап қалады» [5; 117].

Ақын өлеңдеріндегі сөз қайталаулардың тағы бір шебер қолданысын оның «Шолпы» өлеңінен байқауға болады:

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...

Қанымды қайнатты құрғыр [3; 115], – дейді автор.

Бұл да жай ғана әдепкі қайталау емес. «Сылдыр» сөзінің үш рет қайталанғаны шолпының үш рет сылдыр еткенін де білдірмейді. Бұл ретте ақын шолпы сылдырының үнін жеткізіп тұр. Аталған қайталауды «шолпы бір рет сылдыр етті, шолпы екінші рет сылдыр етті, шолпы үшінші рет сылдыр» етті деп жадағай түсіндіре алмаймыз. «Сылдырдың» қатарынан үш рет қолданылуын түсіну үшін өлеңнің интонациясына назар аудару қажет. Бұл туралы Ю.Лотман «чем текстуально точнее повтор, тем значительнее смысловая функция интонации, которая становится единственным дифференциальным признаком в цепочке повторяющихся слов» [4; 159], – дейді. Яғни, мұндағы бір «сылдырды» екінші «сылдырдан» ерекшелеп тұрған интонация ғана. Егер өлеңді дауыстап оқитын болсақ бұл үш сөзді бірдей интонациямен бірінен кейін бірін жай ғана тізбелеп қоймас едік. Шын сахна шебері алғашқы «сылдырды» көтеріңкі дауыспен, екіншісін бәсең дауыспен, ал үшіншісін одан да ақырын айтатыны анық. Бұл сөздің неліктен үш рет тура қол қалпында қайталанып тұрғанын сонда ұғамыз. Ал «Шолпы» өлеңінің соңғы жолдары бұл тұжырымды қуаттай түседі:

Сыбырға айналды сылдыр,

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Ақын «сыбырға айналды» [3; 115], – дей отыра, бір сөзді неліктен үш рет қайталап отырғанының сырын өлеңнің соңында мәлім етеді. Оқырманның көз алдына бірден шолпысының сылдыры бәсеңсіп, үні талықсып жетіп, алысқа ұзап бара жатқан арудың бейнесі келеді. Автор өзінің көңілі қалаған, алайда қосыла алмаған жанына деген ыстық сезімін осы бір өлең жолдары арқылы бейнелеген. Шолпының дауысын сөзбен сипаттап, бір ғана қайталау арқылы шебер кестелей білген. Өлеңдегі әрбір «сылдыр» сөзі басқасына ұқсамайтын, қайталанбас ғажап үн жасайды.

Автордың «Жұмбақ» өлеңінен де қайталаудың ерекше қолданысын кездестіруге болады:

Сап-сары бел,

Еседі жел,

Еседі.

Еседі жел,

Көшеді ел,

Көшеді [3; 127].

«Еседі жел. Еседі. Еседі жел» дейді ақын. Желдің неше рет ескенін ешкімнің санамайтыны белгілі. Оны есепке алу да мүмкін емес. Бұл реттегі «еседі» сөзінің үш рет қайталауын «жел бір рет есті, жел екінші рет есті, жел үшінші рет есті» деп түсіну қате болар еді. Ақынға сары белде желдің есіп жатқанын үш рет қайталау не үшін керек болды? Бұл да Мағжанның суреткерлік шеберлігінің бір қыры. «Еседі жел. Еседі. Еседі жел» деу арқылы ақын сар далада желдің үздіксіз есіп тұратынын көрсеткісі келген. Ақын сипаттап тұрған сары белде кеше де жел ескен, бүгін де жел есіп тұр, ертең де есе бермек. Автор табиғаттың тоқтаусыз тіршілігін, үнемі қайталанып отыратын циклды кезеңдерін желдің есуі арқылы бейнелеген. Қарапайым тілдегі «Жел тоқтаусыз есуде» деген сөз өлеңге ауысқанда басқаша формаға енген. Екінші жағынан желдің тоқтаусыз есуі уақыттың үздіксіз ағымын білдіруі де мүмкін. Сол сияқты «Ел үнемі көшеді» деп жадағай тілмен сипаттағаннан көрі «Көшеді ел. Көшеді» деп қайталауды пайдалану өлеңнің көркемдік қуатын арттыра түседі.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін

Патша тағы, бүкіл дүние малына [3; 93], – деген өлең шумағының бірінші жолы бірден назар аудартады. Бұл туралы Ю.Лотман «Читатель, привыкший к графическому восприятию текста, видя на бумаге повторяющиеся начертания слов, полагает, что перед ним простое удвоение понятия. Между тем обычно речь идет о другом, более сложном понятии, связанном с данным словом, но усложненном совсем не количественно» [4; 158], – дейді. Бұл да жай ғана механикалық қайталау емес. Автордың ыстық сезімі, ынтызарлығы бірінші жолдағы қайталаулардан-ақ көрініп тұр. «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» деу арқылы автор өз сәулесінің үш рет сүйгенін қалайтынын айтқысы келіп тұрған жоқ. Мұндағы мағына да әлдеқайда күрделі. Бұл қайталау арқылы автор өзі сүйген жанға деген басылмас сағынышын, жалынды махаббатын, тағатсыздығын бейнелеген. Автор өз сүйген адамын асықтырғысы келетіндей әсер қалдырады.

Осыған ұқсас қайталау қолданысын «Батыр Баян» поэмасынан да табуға болады. Поэмада інісін өлтірген Баянның:

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе

Інімді алты алаштың намысы үшін [3; 288], – дейтін тұсы бар.

Басты кейіпкер батыр Баянның қайта-қайта «жоқ, жоқ» деп ойға берілуі де тегін емес. Бұл қайталау кейіпкердің ішкі азабының қаншалықты ауыр екенін көрсетеді. Бір жағынан інісін өлтірген батырдың көңіліндегі күмән мен күдік, елдің намысы мен туған бауырының тағдыры таразы басына түскен сәттегі жан қиналысы, ішкі арпалысы бейнеленген. Баян «жоқ» деп өз інісін бекер өлтіргеніне өкінеді, кейін тағы «жоқ» деп бұл істі азаматтық парызын өтеу үшін істегенін айтып ақтап алғысы келеді. «Әлде, әлде» деп екі оттың арасында қалғандай күй кешіп, өз ісі үшін не өкінерін, не оны дұрыс деп қабылдау керек екенін білмей қиналып, ар азабына түседі.

Көркем мәтіндегі қайталаулардың басты ерекшелігі – ол ойды қуаттап, мағынасын үстемелеп, оқырман назарын қандай да бір ойға иіріп әкеліп, дүркін-дүркін есіне салып отырады. Көркем мәтіндегі бұл құбылысты Ю.Лотман «ой концентрациясы» деп сипаттайды: «Повторы разного типа – это смысловая ткань большой сложности, которая накладывается на общезыковую ткань, создавая особую, присущую лишь стихам концентрацию мысли» [4; 164].

Өлеңдегі ой концентрациясын жақынырақ түсіну үшін Мағжанның «Қазақ азаматы» шығармасындағы мына анафораларға назар аударған жөн:

Біреуіне – сен Тәңірім деп табынад,
Біреуіне – мен құлын деп бағынад.
Біреуіне – садақа бер деп жалынад,
Біреуіне – құйрық болып тағылад [6; 183].

Берілген өлең жолдарын оқып отырған жанның ойы бірден «біреу» деген сөздің айналасына шоғырланады. Автордың жазуынша қазақтың құдайы да – біреу, қожайыны да – біреу, жақсылық жасап, жарылқаушысы да – біреу, жол көрсетіп, соңынан ертуші де – біреу. Әр жол сайын оқырман қазақ азаматының қолында билік, басында ерік қалмағанына көзі жетіп, заман күйін тани түседі. Әр жол сайын «қазақтың билігі өз қолынан кетті» деген ой қоюланып, оқырманның концентрациясы ұлғаяды. Ақын «біреу, біреу» деген сайын қазақ азаматының жан аярлық бейнесі ашылып, оқырманның назары осы бір ойға қайта қайырылып отырады.

Мағжан өлеңдерінде жекелеген сөздердің ғана емес, өлең жолдарының, тұтас жыр шумақтарының қайталанып келетін кезі де бар. Бұған мысал ретінде «Ұлан» өлеңін қарастыруға болады:

Найзаласты, қылыштасты, -
Ұлан өлді батып қанға,
Ұлан өлді батып қанға,
Тыныштық тапты асау жан да [3; 209].

Бұл жалғанда бір адамның екі рет өлмейтіні белгілі. Оның үстіне Мағжан суреттеп отырған батыр ұланның екі өлмейтіні шүбәсіз. Алайда, автор «Ұлан өлді» деп екі рет қайталаған. Мұның мәнін түсіну үшін қайталаудан бұрын және кейін тұрған тармақтарға үңілеміз. Осылайша, шумақ шартты түрлі екі бөлікке бөлінеді. Алғашқы екі жолды қарапайым тілмен түсіндірсек «күресті – өлді» деген тізбек жасауға болады. Ал, соңғы екі жолға қатысты қысқаша «өлді – тыныш тапты» деген тізбек жасауға болады. Бұл екеуін қоссақ «күресті – өлді – тыныш тапты» деген тізбек шығады. Күрес – адамның осы фәни өмірі болса, тыныш табу - о дүниедегі өмірі. Бұ дүние мен о дүние бір-біріне тым кереғар, карама-қайшы ұғымдар. Сондықтан да автор «күресті – тыныш тапты» деп тізбектеуге бармаған. Өлім – екі дүниенің арасындағы көпір. Автор фәни мен бакидың арасын жалғау үшін *өлім* ұғымын пайдаланған. Осылайша «бұл дүние – өлім – о дүние» деген шартты тізбек пайда болады. Ақынның ойынша жер басып жүрген адам әп сәтте о дүниелік өмірін бастап кетпейді. Өлім дейтін аралық кезеңнен өтеді. Алайда автор «өлді» сөзін екі рет қайталайды. Мұндағы бірінші «өлді» адамның фәни жалғандағы тіршілігінің аяқталғаны болса, екінші «өлді» марқұмның о дүниедегі тіршілігінің басталғанын білдіреді.

Осыған ұқсас тізбекті «Гүлсімге» өлеңінен де көруге болады:

Елді көрді – жерге түсі,
Жерге түсті – көрге түсті [3; 90].

Өлеңде сөзден бөлек фонемалық деңгейдегі қайталаулар болатыны белгілі. Қажым Жұмалиев бұл тәсілді «дыбыс таңдаушылық» деп сипаттап, поэзиядағы дыбыстардың белгілі бір заңдылықпен қайталанып отыруы автордың алға қойған мақсатына байланысты екенін айтады [2; 191].

Өлеңнің белгілі бір реттілікке бағынған жүйе екені белгілі. Сондықтан да онда фонемалардың да белгілі бір реттілікпен қайталанып отыруы заңдылық. Ю.Лотман поэзиядағы дыбыстардың қайталануының астарында белгілі бір көркемдік мән-мағына барын тұжырымдайды [7; 64].

Мағжан шығармашылығы шебер сөз қайталауларға ғана емес, дыбыстық қайталауларға да бай. «Пайғамбар» өлеңі алғашқы жолынан-ақ фонемалық жүйелілігімен оқырман назарын аудартады:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған [3; 51].

Шумақтың бастапқы екі жолында дауысты дыбыстардың, соңғы екеуінде дауыссыз дыбыстардың реттілікпен қайталанып отырғанын байқаймыз. Бұл қайталауларды шартты түрде былай белгілеуге болады:

Ү-а-ы-а-а-ы-а-а-а,
Ү-а-ы-а-а-ы-а-а-а.
Т-т-т,
Т-т-т.

Көркем мәтіннің басты шарты оның құрылымы мен реттілігі болса, поэзиядағы фонетикалық қайталаулар кездейсоқ орын алып жатқан жоқ. Оның да өз атқарар қызметі мен көркемдік мәні бар. Сөздерді тек мағынасы жағынан ғана емес, дыбыстық деңгейде үндестіре білу ақынның жоғары шығармашылық мүмкіндігін көрсетеді. Қайталанып отыратын, реттілікке бағынған дыбыстар өлеңнің логикалық байланысын нығайтып, сөздерді ортақ мағына аясында жақындастыра түседі.

Қайталау тең поэзияға ғана тән көркемдік тәсіл емес. Басқа өнер салаларында да бұл құбылыс ерекше орын алып, маңызды қызмет атқарады. «Синтагматикалық тұрғыда айқын қағидаттар бойынша құрылған, бірақ семантикалық мәнінен айырылған ырғақты қатарлардың әртүрлі жүйелері – музыкалық қайталаулардан бастап қайталанған оюлы әшекейге дейін – сөздік хабарламаны қайта құруға ықпал ететін сыртқы кодтар ретінде қызмет ете алады» [8] – деген зерттеуші Ю.Лотман түрлі бірліктердің белгілі бір реттілікпен жұмсалуына «сыртқы код» деп анықтама береді.

Қазақ поэзиясындағы фонемалық деңгейдегі қайталаулар туралы айтқанда сөздердің бірінші дыбыстарының бірдей болуы басым екенін байқаймыз. Мәселен, «Қойлыбайдың қобызы» поэмасындағы мына жолдар бірден назар аудартады:

Бір асқа жиылыпты Найман тамам,
Бай, биі, батырлары балпаң басқан [3; 289].

Екінші жолдағы «б-б-б-б-б» қайталаулары мәтіннің көркемдігін арттыра түседі. Оған қоса соңғы үш сөздің «ба-ба-ба» болып бірдей басталуы олардың арасын тіптен жақындастырады. Мұндай қайталаулар турары Ю.Лотман «Повторяемости фонем в стихе имеют определенную художественную функцию: фонемы даются читателю лишь в составе лексических единиц, Упорядоченность относительно фонем переносится на слова, которые оказываются сгруппированными некоторым образом» [5; 64], – деп жазады.

Демек, дыбыстық қайталаулар сөздерді мағыналық байланыстан да берік жақындастырады. Ю.Лотман бұл қолданысқа «сверхорганизация» деген атау береді [7; 64].

Мағыналық жағынан алсақ, бай, би, батыр бір-бірінен алшақ жатқан ұғымдар. Үшеуінің де қоғамдағы орны, қызметі мен мәртебесі әртүрлі. Алайда, автордың алдында осы үш ұғымды қатар қолдану міндеті тұрған. Мағжан бұдан шығудың жолын сәтті тауып, фонемалық қайталауды қолданған. Аталған сөздердің бәрі бір әріптен басталған кезде арасындағы мағыналық алшақтық азайып, мәтін тұтастығы нығайған. «Б-б-б-б-б»

фонемалық реттілігі орнағаннан кейін бай, би, батырдың балпаң басып жүргені оқырманның көңіліне қонымды, тіпті заңды болып көрінеді. Осылайша автор мал табуы тиіс байды, билік айтуы тиіс биді, жауға шабуы тиіс батырды ортақ белгі арқылы біріктіріп, «балпаң бастырып» қойған.

Мұндай тәсілді автор «Ертегі» поэмасында да пайдаланған.

Шулаған аң, шұбырған мал, шалқар көл,

Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар [3; 301], – деген жолдар да мәтінді жоғары деңгейде ұйымдастырудың мысалы бола алады. Бір-бірінен арасы алшақ «аң», «мал», «көл» сөздері «ш-ш-ш» қайталауы арқылы өзара үйлесе кеткен. Демек, мәтіндегі сөздерді тек мағына арқылы ғана емес, фонемалық деңгейде де байланыстыруға болады. Мағжан поэзиясында тіпті бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ұғымдарды тек дыбыстық қайталаулар арқылы біріктірген тұсы да бар.

Бір дегенім білеу ғой,

Екі десем – егеу ғой,

Үш дегенім үскі ғой,

Төрт дегенім төсек қой,

Бес дегенім бесік қой [3; 332], – деп басталады автордың «Өтірік ертең» поэмасы.

Мағыналық жағынан бірді білеумен, екіні егеумен, үшті үскімен байланыстырып тұрған ештеңе жоқ. Тіпті білеу, егеу, үскі, төсек, бесіктің арасында да жақындық байқалмайды. Ал, поэзия реттілікті сақтауды қажет етеді. Тіпті, «Өтірік ертең» болған күннің өзінде ондағы сөз қолданыстары белгілі бір заңдылыққа бағынуы қажет. Бұл ретте де дыбыстық қайталаулар сөздерді байланыстыруға негіз болған. Мағжан мағыналық реттілік босаңсыған тұста фонемалық реттілікті қатандатқан.

«Б-д-б-ғ,

Е-д-е-ғ,

Ү-д-ү-ғ,

Т-д-т-қ,

Б-д-б-қ» фонемалық реттілігі мағыналық алшақтықты оқырманнан жасырып, дұрысын айтқанда, өзі мағына жасап тұр. Аталған реттілік арқылы өлең жолдарының әрі қарай қалай жалғасатынын белгілі бір деңгейде болжауға да болады.

Алайда, поэзиядағы дыбыстық қайталаулардың атқаратын қызметі тек бұл емес. Кейде фонемалар қандай да бір процесті суреттеуде де көркемдік мәнге ие болып жатады.

«Жауынгер жыры» өлеңінде:

«Желе бер, жаным Қаракөк,

Желкілде желмен, айдарым» [3; 184-185], – деген екі жол үш рет қайталанады. Осыдан-ақ берілген тармақтардың көркемдік маңыздылығының қаншалықты жоғары болғанын көруге болады. Мұның мәнін ашу үшін дыбыстық қайталауларға үңілген жөн.

Фонемалық ұқсастықтар тек сөздің басында ғана кездеспейді. Қайталаулар сөздің өз ішінде, әр тармақтың, буақтың басында кездесуі мүмкін. Жоғарыдағы екі жолдағы қайталаулардың реттілігін табу үшін бунаққа назар аудару қажет. Бұл жағынан талдасақ, өлең бунақтары:

«Желе бер // жаным // Қаракөк

Желкілде // желмен // айдарым», – болып бөлінеді.

Енді әр бунақтың басында тұрған дауыссыздарды теріп алсақ,

«Ж-ж-қ

Ж-ж-а» реттілігін көреміз.

Автор өлеңде аттың желісін суреттегісі келеді. Ол бұл суреттеудің оқырманға әсерін арттыру үшін дыбыстардың өзін белгілі бір ретте ұйымдастырған. «ж-ж-қ-ж-ж-а» қайталауы шынында да аттың желісіне, оның үстіндегі шабандоздың шабысына ұқсайды. Өлеңдегі дыбыстардың өзі желе шауып, бір-бірімен жарысып, әлдеқайда асығып бара жатқандай әсер қалдырады. Аталған дыбыс реттілігі аттық тұяғының кезек жерге тиіп, желіп бара жатқанын еске салады. Өлеңнің мәнін ашуда сөзден басқа элементтер де маңызды рөл ойнайтынын осыдан-ақ байқауға болады.

Мағжан шығармаларының фонетикасына алғаш назар аударғандардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ал ақын шығармашылығына жоғары баға беріп, оның дыбыстан сурет туғызып, өлеңді музыкаға айналдырғанын айта келіп, былай дейді: «Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ. Өлеңнің сыртқы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шығады. Шу дегенде ермек үшін қатарлап жиып қойған баланың қуыршағы тәрізді көрінеді. Бірақ жұмбақ та болса, тіпті мағына шықпайтын өлеңі жоқ. Бәрінде де мағына бар» [9; 267], – деп жазады сыншы.

Мағжан шығармаларындағы қайталаудың тағы бір түрі – *грамматикалық қайталаулар*. Ақын көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды сипаттау үшін грамматикалық қайталауларды пайдаланған:

Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда,

Қаһарлансам – тамұқ даяр құлыма.

«Мейірленсем-қаһарлансам», «жұмақ-тамұқ» сияқты бір-біріне кереғар ұғымдар грамматикалық қайталаудың нәтижесінде бір-бірімен үйлесіп, өлеңнің мәнін ашып тұр. Осы сияқты мысалдар ақын поэзиясында жиі кездеседі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы қайталаулардың көркемдік мәні зор. Ақын фонемалық, сөздік, грамматикалық қайталауларды шебер пайдаланып, өлеңнің көркемдік қуатын асыра түскен. Автор өз туындыларының оқырманға ұғынықты, көркем болуына ғана емес, оның дауыстап оқығанда дыбыстарының үйлесіп, әуезді болуына да мән берген. Бұл ақынның қазақ сөзінің фонетикасы мен дыбыс заңдылықтарын, сөйлеу ерекшеліктерін терең меңгергенінің дәлелі.

Мағжан қазақ өлеңіндегі символистік бағыттың ірі өкілі ретінде орыс ақындары сынды өлеңнің ішкі мағынасына ғана емес, сыртқы формасына, реттілігіне, дыбыстар үйлесіміне, «тілге жеңіл, құлаққа жылы» болуына мән берді. Оның шығармаларындағы қайталаулар жалаң форма қуалау мен еліктеушіліктен туған жоқ. Өлең жолдарындағы әр фигура түрінің өзіндік атқаратын көркемдік қызметі, арқалаған мағыналық жүгі бар.

Ақын өлеңдеріндегі қайталауларға зер салып, астарына үнілген жан туындының мағынасын терең түсініп, көркемдік әлемін жақынырақ тани түседі.

Әдебиет:

1. Қабдолов З. Т.З: Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 360 бет.
2. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013, Т. 15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет.
3. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
4. Лотман Ю. Структура художественного текста. – Москва: Искусство, 1970. – 381 с.

5. Әдебиет теориясы: Антология. 1-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 бет.
6. Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл: Полиграфия, 2008. – 382 бет.
7. Лотман Ю. Анализ поэтического текста. Структура стиха. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 270 с.
8. Лотман Ю. Семиосфера. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 бет.
9. Мағжан әлемі: Әдеби зерттеулер /Құрастырған Ж. Сүлейменов. – Алматы: Асыл кітап, 2009. – 496 б.

References:

1. Qabdolov Z. T.3: Sóz óneri: Oqýlyq-monografia. - Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2013. – 360 bet.
2. Klasikalıyq zertteýler: Kóp tomдық. – Almaty: «Ádebiet álemi», 2013, T. 15: Q.Jumaliev, Z.Qabdolov, Z.Ahmetov. Ádebiet teoriasy. – 412 bet.
3. Jumabaev M. Shyǵarmalary (ádebı basylym). 1-tom: Óleńder, dastandar. – Almaty: Jazyshy, 2013. – 376 bet.
4. Lotman Iý. Strýktýra hýdojestvennogo teksta. – Moskva: Iskýsstvo, 1970. – 381 s.
5. Ádebiet teoriasy: Antologia. 1-tom /Djýly Rivkin men Maikl Raiannyń redaksiasymen. – Almaty: «Últtyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory, 2019. – 568 bet.
6. Jumabaev M. Týǵan jer. – Petropavl: Poligrafia, 2008. – 382 bet.
7. Lotman Iý. Analız poeticheskogo teksta. Strýktýra stiha. – Leningrad: Prosveshenie, 1972. – 270 s.
8. Lotman Iý. Semiosfera. – Almaty: «Últtyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory, 2019. – 640 bet.
9. Maǵjan álemi: Ádebı zertteýler /Qurastyrgan J. Súleimenov. – Almaty: Asyl kitap, 2009. – 496 bet.

Information about the authors:

Kulibekova Zh. S. – corresponding author, Professor, department of Kazakh language and literature, candidate of philological sciences, associate professor, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: 19zhanka71@mail.ru;

Ayagan D. S. – master's student, department of Kazakh language and literature Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: zhskylibekova@ku.edu.kz.